

ISSN (Print) 2616-678X
ISSN (Online) 2663-1288

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің

ХАБАРШЫСЫ

BULLETIN

of L.N. Gumilyov
Eurasian National University

ВЕСТНИК

Евразийского национального
университета имени Л.Н. Гумилева

ФИЛОЛОГИЯ сериясы
PHILOLOGY Series
Серия **ФИЛОЛОГИЯ**

№1(130)/2020

1995 жылдан бастап шығады
Founded in 1995
Издается с 1995 года

Жылына 4 рет шығады
Published 4 times a year
Выходит 4 раза в год

Нұр-Сұлтан, 2020
Nur-Sultan, 2020
Нур-Султан, 2020

Бас редакторы **Дихан Қамзабекұлы**
филология ғылымдарының докторы, ҚР ҰҒА академигі (Қазақстан)

Бас редактордың орынбасары **Шолпан Жарқынбекова**
филология ғылымдарының докторы, профессор (Қазақстан)

Редакция алқасы

Аскер оғлы Рамиз	ф.ғ.д., проф. (Әзербайжан)
Ақматалиев Абдылдажан	ф.ғ.д., проф. (Қырғызстан)
Аймұхамбет Жанат	ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Бахтикереева Улданай	ф.ғ.д., проф. (Ресей)
Беженару Людмила	ф.ғ.д., проф. (Румыния)
Бейсембаева Жанаргүл	ф.ғ.к., доцент (Қазақстан)
Біжкенова Айгүл	ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Жақыпов Жантас	ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Журавлева Евгения	ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Жаң Динжиң	PhD, проф. (Қытай)
Ескеева Мағрипа	ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Ержласун Гүлжанат	PhD, проф. (Түркия)
Қасқабасов Сейіт	ф.ғ.д., ҚР ҰҒА академигі (Қазақстан)
Негимов Серік	ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Нұрғали Қадиша	ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Нуриева Фануза	ф.ғ.д., проф. (РФ, Татарстан)
Райхл Карл	ф.ғ.д. проф. (Германия)
Рахманов Носимхан	ф.ғ.д., проф. (Өзбекстан)
Риверс Уильям Патрик	PhD, проф. (АҚШ)
Сатенова Серіккүл	ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Тәжібаева Сәуле	ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Тұрысбек Рахымжан	ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Хисамитдинова Фирдаус	ф.ғ.д., проф. (РФ, Башқұрстан)
Чернявская Валерия	ф.ғ.д., проф. (Ресей)
Шәріп Амантай	ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Шәріпова Гүлбану	ф.ғ.к., доцент (Қазақстан)
Экиджи Метин	PhD, проф. (Түркия)
Янковски Хенрих	PhD, проф. (Польша)

Жауапты хатшы, компьютерде беттеген: **Гүлсім Базылхан**

Редакцияның мекенжайы: 010008, Қазақстан, Нұр-Сұлтан қ., Қ.Сәтбаев к-сі, 2, 402 каб.

Тел.: +7(7172) 709-500 (ішкі 31413) E-mail: vest_phil@enu.kz

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Хабаршысы. ФИЛОЛОГИЯ сериясы
Меншіктенуші: ҚР БЖҒМ «Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті» ШЖҚ РМК.
ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінде 27. 03. 2018 ж. №16996-Ж тіркеу куәлігімен тіркелген.
Мерзімділігі: жылына 4 рет. Тиражы: 25 дана.
Типографияның мекенжайы: 010008, Қазақстан, Нұр-Сұлтан қ., Қажымұқан к-сі, 13/1,
тел.: +7(7172) 709-500 (ішкі 31413)

© Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

Editor-in-Chief **Dikhan Kamzabekuly**
Doktor of philology, Academician NAS RK (Kazakhstan)

Deputy Editor-in-Chief **Zharkunbekova Sholpan**
Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)

Editorial board

Asker ogly Ramiz	Doktor of philology, Prof. (Azerbaijan)
Akmataliyev Abdildajan	Doktor of philology, Prof. (Kyrgyzstan)
Aimukhambet Zhanat	Doktor of philology, Prof. (Kazakhstan)
Bakhtikireeva Uldanai	Doktor of philology, Prof. (Russia)
Beisembayeva Zhanargul	Doktor of philology, Prof. (Kazakhstan)
Bezhenaru Lyudmila	Can. of philology, Prof. (Romania)
Bizhkenova Aigul	Doktor of philology, Prof. (Kazakhstan)
Chernyavskaya Valeriya	Doktor of philology, Prof. (Russia)
Erzhiasun Guljanat	Doktor of philology, Prof. (Turkey)
Yeskeyeva Magripa	Doktor of philology, Prof. (Kazakhstan)
Henruk Jankowski	Doktor of philology, Prof. (Poland)
Kaskabassov Seit	Doktor of philology, Academician NAS RK, (Kazakhstan)
Khisamitdinova Firdaus	Doktor of philology, Prof. (RF, Bashkortostan)
Metin Ekiji	PhD, Prof. (Turkey)
Negimov Serik	Doktor of philology, Prof. (Kazakhstan)
Nurgali Kadisha	Doktor of philology, Prof. (Kazakhstan)
Nurieva Fanuza	Doktor of philology, Prof. (RF, Tatarstan)
Reichl Karl	Doktor of philology, Prof. (Germany)
Rakhmanov Nasimhon	Doktor of philology, Prof. (Uzbekistan)
Rivers William Patrick	Doktor of philology, Prof. (USA)
Satenova Serikkul	Doktor of philology, Prof. (Kazakhstan)
Sharip Amantai	Doktor of philology, Prof. (Kazakhstan)
Sharipova Gulbanu	Doktor of philology, Prof. (Kazakhstan)
Tazhybayeva Saule	Doktor of philology, Prof. (Kazakhstan)
Turysbek Rakymzhan	Doktor of philology, Prof. (Kazakhstan)
Zhakykov Zhantas	Doktor of philology, Prof. (Kazakhstan)
Zhang Dingjing	PhD, Prof. (China)
Zhuravleva Yergeniya	Doktor of philology, Prof. (Kazakhstan)

Executive Secretary, Computer layout: **Gulsim Bazylkhan**

Editorial address: 2, K.Satpayev str., of.402, Nur-Sultan, Kazakhstan, 010008
Tel.: +7(7172) 709-500 (ext. 31413) E-mail: vest_phil@enu.kz

Bulletin of L.N. Gumilyov Eurasian National University. PHILOLOGY Series

Owner: Republican State Enterprise in the capacity of economic conduct «L.N. Gumilyov Eurasian National University», Ministry of Education and Science of the Republic of Kazakhstan.

Registered by Ministry of Information and Communication of the Republic of Kazakhstan.

Registration certificate No 16996-Ж from 27.03.2018.

Periodicity: 4 times a year Circulation: 25 copies

Address of printing house: 13/1, Kazhimukan str., Nur-Sultan, Kazakhstan 010008; tel.: +7(7172) 709-500 (ext.31413)

© L.N. Gumilyov Eurasian National University

Главный редактор: **Дихан Камзабекулы**
доктор филологических наук, академик НАН РК (Казахстан)

Зам. главного редактора: **Шолпан Жаркынбекова**
доктор филологических наук, проф. (Казахстан)

Редакционная коллегия

Аскер оглы Рамиз	д.ф.н., проф. (Азербайджан)
Ақматалиев Абдылдажан	д.ф.н, проф. (Киргизстан)
Аймухамбет Жанат	д.ф.н., проф. (Казахстан)
Бахтикереева Улданай	д.ф.н., проф. (Россия)
Беженару Людмила	д.ф.н., проф. (Румыния)
Бейсембаева Жанаргуль	к.ф.н., доцент (Казахстан)
Бижкенова Айгүл	д.ф.н., проф. (Казахстан)
Жакыпов Жантас	д.ф.н., проф. (Казахстан)
Журавлева Евгения	д.ф.н., проф. (Казахстан)
Жан Динжин	PhD, проф. (Китай)
Ескеева Магрипа	д.ф.н., проф. (Казахстан)
Ержласун Гульжанат	PhD, проф. (Турция)
Каскабасов Сеит	д.ф.н., академик НАН РК (Казахстан)
Негимов Серік	д.ф.н., проф. (Казахстан)
Нургали Кадиша	д.ф.н., проф. (Казахстан)
Нуриева Фануза	д.ф.н., проф. (РФ, Татарстан)
Райхл Карл	д.ф.н. проф. (Германия)
Рахманов Носимхан	д.ф.н., проф. (Узбекистан)
Риверс Уильям Патрик	PhD, проф. (США)
Сатенова Сериккуль	д.ф.н., проф. (Казахстан)
Тажибаева Сауле	д.ф.н., проф. (Казахстан)
Турысбек Рахымжан	д.ф.н., проф. (Казахстан)
Хисамитдинова Фирдаус	д.ф.н., проф. (РФ, Башкортстан)
Чернявская Валерия	д.ф.н., проф. (Россия)
Шарип Амантай	д.ф.н., проф. (Казахстан)
Шарипова Гульбану	к.ф.н., доцент (Казахстан)
Экиджи Метин	PhD, проф. (Турция)
Янковски Хенрих	PhD, проф. (Польша)

Ответственный секретарь, компьютерная верстка: Гульсим Базылхан

Адрес редакции: 010008, Казахстан, г. Нур-Султан, ул. К.Сатпаева, 2, каб. 402
Тел.: (7172) 709-500 (вн. 31413) E-mail: vest_phil@enu.kz

Вестник Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева. Серия ФИЛОЛОГИЯ
Собственник: РГП на ПХВ «Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева» МОН РК.
Зарегистрирован Министерством информации и коммуникаций РК под номером №16996-Ж от 27. 03. 2018 г.
Периодичность: 4 раза в год
Тираж: 25 экземпляров.
Адрес типографии: 010008, Казахстан, г. Нур-Султан, ул. Кажымукана, 13/1, тел.: (7172) 709-500 (вн.31413)

© **Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева**

Мазмұны

ФОЛЬКЛОР ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТТАНУ

<i>Балтымова М.Р.</i> Қазақ балалар фольклорының жанрлық жіктелімі	8-14
<i>Ғалымжанов Б.Ғ.</i> Мәшһүр Жүсіп мұрасы – Ұлы дала елінің құндылықтары	15-20
<i>Жүнісова М.Қ.</i> Әңгіме жанры мәтінінің бастапқы және соңғы сөйлемдеріндегі көркемдік тәсілдер	21-28
<i>Жұмағұл С.Б., Қайралапов Н.М.</i> Көне түркі жазба ескерткіштерінің жанры және Құлмат Өмірәлиев зерттеулері	29-36
<i>Карипжанова Г.Т., Абикенова Г. Т., Салиқжанова Ш.Б.</i> Қазақ поэзиясындағы «Ауыл» бейнесі	37-44
<i>Личман Е. Ю.</i> Ұлттық дүниетаным контекстіндегі қазақстандық әдебиетшілер мен кескіндемешілер шығармаларының көркем кеңістігі	45-53
<i>Нурманова Ж.К., Жапанова М.Е.</i> Салыстырмалы әдебиеттану аспектісіндегі экрандау мәселесі туралы	54-61
<i>Өтеш Ж.Ә., Мырзахметұлы М.</i> Деректі әскери прозаның жасалу ерекшеліктері (А.Бектің «Арпалыс» романының негізінде)	62-68

ЛИНГВИСТИКА ЖӘНЕ ӘДІСТЕМЕ

<i>Аймолдина Ә., Ақынова Д.</i> Қазақ тілді іскери дискурс: мәні және лингвистикалық ерекшеліктері	69-76
<i>Гируцкий А.А., Амалбекова М.Б.</i> Қазіргі қазақ прозасының дискурстық кеңістігіндегі ландшафттық лексика: лингвостилистикалық аспект («Қазіргі қазақ прозасының антологиясы» материалына негізделген)	77-89
<i>Жақыпов Ж.А.</i> Қазақ көне эпосындағы аң тілдік таңбасы	90-98
<i>Жарқынбекова Ш.Қ., Сейтханова А.Н.</i> Нұр-Сұлтан қаласының лингвистикалық ландшафтындағы тілдік өзгерулер	99-111
<i>Мұсағалиева Б.Е., Аханов Е.А.</i> Машиналық аударма жүйелерінің нәтижелілігін бағалау әдістері	112-124
<i>Сүлейменова З.Е., Уматова Ж.М.</i> «Қуан, freuen(sich), ызалан, entruesten(sich)» лексика-семантикалық өрістерінің ядросы мен перифериясы	125-130

Contents

FOLKLORE AND LITERARY STUDIES

<i>Baltymova M.R.</i> Genre classifications of Kazakh children's folklore	8-14
<i>Galymzhanov B.G.</i> The legacy of the famous Mashkur Zhussup is a value of the Great Steppe	15-20
<i>Zhunusova M. K.</i> Artistic techniques in the beginning and last sentences of the text of the story genre	21-28
<i>Zhumagul S.B., Kairalapov N.M.</i> Ancient Turkic written monuments genre and Kulmat Omiraliev's research	29-36
<i>Karipzhanova G.T., Abikenova G.T., Salikzhanova Sh.B.</i> The image of «Village» in Kazakh poetry	37-44
<i>Lichman E. Yu.</i> The artistic space of Kazakh writers and painters works in the context of national worldview	45-53
<i>Nurmanova Zh.K., Zhapanova M.E.</i> The problem of screening in the aspect of comparative literature	54-61
<i>Otesh Zh.A., Myrzakhmetuly M.</i> Features of creation of documentary and military prose (based on the novel by A. Beck «Volokolamsk highway»)	62-68

LINGUISTICS AND METHODICS

<i>Aimoldina A., Akynova D.</i> Kazakh-Language Business Discourse: Nature and Linguistic Features	69-76
<i>Hirutski A.A., Amalbekova M.B.</i> Landscape vocabulary in the discursive space of modern Kazakh prose: The lingual-stylistic aspect (based on the material «Anthology of modern Kazakh prose»)	77-89
<i>Zhakupov Zh.A.</i> The language sign an in the Kazakh Ancient Epos	90-98
<i>Zharkynbekova Sh.K., Seitkhanova A.N.</i> Linguistic transformations in the linguistic landscape of Nur-Sultan	99-111
<i>Mussagaliyeva B.Y., Akhapov E.A.</i> Methods for evaluating the effectiveness of machine translation systems	112-124
<i>Suleimenova Z., Umatova Zh.</i> The core and periphery of the lexical-semantic fields 'қуан, freuen (sich)– ызалан, entrüsten (sich) in the Kazakh and German languages	125-130

Содержание

ФОЛЬКЛОР И ЛИТЕРАТУРОВЕДЕНИЕ

<i>Балтымова М.Р.</i> Жанровые классификации казахского детского фольклора	8-14
<i>Галымжанов Б.Г.</i> Наследие Машхура Жусупа – ценности страны Великой степи	15-20
<i>Жунусова М.К.</i> Художественные приемы в начальном и конечном предложениях текста жанра рассказа	21-28
<i>Жумагул С.Б., Кайралапов Н.М.</i> Жанр древнетюркских письменных памятников и исследование Кулмата Омиралиева	29-36
<i>Карипжанова Г.Т., Абикенова Г.Т., Саликжанова Ш.Б.</i> Образ «Аула» в казахской поэзии	37-44
<i>Личман Е.Ю.</i> Художественное пространство произведений казахстанских литераторов и живописцев в контексте национального мировоззрения	45-53
<i>Нурманова Ж.К., Жапанова М.Е.</i> К вопросу об экранизациях в аспекте сравнительного литературоведения	54-61
<i>Отеш Ж.А., Мырзахметулы М.</i> Особенности создания документально-военной прозы (на основе романа А. Бека «Волоколамское шоссе»)	62-68

ЛИНГВИСТИКА И МЕТОДИКА

<i>Аймолдина А., Акынова Д.</i> Казахоязычный деловой дискурс: сущность и лингвистические особенности	69-76
<i>Гируцкий А.А., Амалбекова М.Б.</i> Ландшафтная лексика в дискурсивном пространстве современной казахской прозы: лингвостилистический аспект (на материале «Антологии современной казахской прозы»)	77-89
<i>Жакупов Ж.А.</i> Языковой знак аҗ в жанре древнего эпоса	90-98
<i>Жаркынбекова Ш.К., Сейтханова А.Н.</i> Языковые трансформации в лингвистическом ландшафте г. Нур-Султан	99-111
<i>Мусагалиева Б.Е., Ахапов Е.А.</i> Методы оценки эффективности систем машинного перевода	112-124
<i>Сулейменова З.Е., Уматова Ж.М.</i> Ядро и периферия лексико-семантических полей ‘куан, freuen(sich), ызалан, entruesten(sich)’ в казахском и немецком языках	125-130

XFTAP 17.71.91

Б.Ғ. Ғалымжанов

Л.Н.Гумилев ат. Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан
(E-mail: baiterek10@mail.ru)

Мәшһүр Жүсіп мұрасы – Ұлы дала елінің құндылықтары

Анатпа. Бұл мақалада жалпыадамзаттық құндылықтардың көрсеткіші, құрылымы, өлшемдері, деңгейлері т.б. мәселелері ақын, шежіреші, тарихшы, этнограф Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлының мұраларындағы тұжырымдардың негізінде талданып қарастырылады. Ақын еңбектеріндегі ұлттық құндылықтарды тану, оны зерделеу, заман талабына сай насихаттау - ұлттық болмысымызды тану жолынағы өз маңызын жоймаған өзекті мәселелердің бірі екені анық. Мақалада ұлттық құндылықтардың адамзат өміріндегі мәні мен маңызы, адам өміріндегі рөлі кеңінен талқыланады. Сонымен қатар, Мәшһүр Жүсіптің мұраларындағы ұлттық құндылықтарды қазіргі заман көзімен талдай отырып, ұлттық құндылықты қоғамның даму үдерісімен ұштастыра саралайды. Мақала авторы мәдениеттің құндылық әлеуетін тұлғаның тұжырымдары мен көзқарастары арқылы дәлелдейді. Ұлттық құндылық концептілерінің типтері объективтендірудің негізгі құралы ретінде талданады.

Түйін сөздер: аксиология, жалпыадамзаттық құндылық, ұлттық болмыс, мәдени өріс, құндылық әлеуеті, мораль негіздері, тұлғалық ерекшелік.

DOI : <https://doi.org/10.32523/2616-678X-2020-130-1-15-20>

Түсті: 11.02.20 / **Қайта түзетілді:** 11.03.20 / **Жарияланымға рұқсат етілді:** 30.03.20

Кіріспе. Аксиология (грек, *axios* - құнды, *logos* - ілім) - құндылықтардың табиғаты мен олардың әлеуметтік орны және құндылық әлемінің құрылымы туралы философиялық ілім [1].

Жалпы құндылықтардың өзі - өмірге, қоғамға, еңбекке, шығармашылыққа және адам өмірінің мәніне баға беруден тұрады. Құндылықтар қоғам үшін ең маңызды деген әдет-ғұрыптар мен нормалар қызметін өз бойына сіңіріп, табиғи эволюциялық жолмен реттейді.

Адамзат өзін қоршаған ортасын және рухани әлемді құндылықтар арқылы бағалауға құлықты. Ал құндылықтар дегеніміз – ол адамға ғана тән игі қасиеттер екені белгілі. Жануардан біздің айырмашылығымыз да осы қасиетімізде. Олар бізге дүниеге келген кезден бастап, ананың ақ сүтімен бірге, ана тіліміз арқылы мораль негіздері ретінде, өзінің тілін, дәстүрін, мінезі мен болмысын тарихын, мәдениетін игеру нәтижесінде орнығады. Құндылықтарды танудағы ең күрделі мәселе: нағыз құндылықтарымызды оның жалған (ақиқат және бейақиқат) форматынан айыра білуде. Жалпы құндылықтар қоғам мен уақыттың сұранысына қарай өзгерістерге ұшырап отырады. Ол – заңдылық.

Философ Т.И. Петракова құндылықтарды үш түрге бөліп қарастырады: 1. Табиғи. 2. Жүре пайда болатын құндылықтар. 3. Абсолюттік. Табиғи және жүре пайда болатын құндылықтар адамның өскен ортасынан, тәрбиесінен қалыптасатын болса, ал абсолюттік – уақыт пен қоғамның қағидаттарына барынша төтеп беріп, бүкіл адамзат үшін маңыздылығы зор мәңгілік құндылықтар болып табылады. Ұлттық құндылықтарға деген бейімділік пен құмарлық адам бойында тумысынан болады, ол қан арқылы да беріледі. Сонымен қатар, әр адамда рух бар. Рух болмаса, дене де болмайды [2].

«Рух дегеніміз - жалпыадамзаттық құндылықтардың жиынтығы» [3]. Біз жалпыадамзаттық құндылық «ол - ақиқат, ол - сүйіспеншілік, ол – дұрыс әрекет, ол – ішкі тыныштық, ол – қиянат жасамау» деп білеміз.

Өмірде табиғи құндылықтар мен жүре пайда болатын құндылықтар - жалпыадамзаттық құндылықтарды жоюға кейде барынша әсер етеді. Жалпыадамзаттық құндылықтарды жоғалту адамзат үшін өте қауіпті. Сондықтан да жалпыадамзаттық құндылықтарды сақтау өте маңызды болып табылады.

Жалпы адам үшін ең басты құндылық – өмір. Адам өмір бойы жаңалыққа ұмтылып, дамып, жетіліп, күресіп өмір сүреді. Ертеңін ойлап, табысты еңбек етеді, білім-тәрбие алады, өмірлік тәжірибе жинақтайды, өмірді мәнді өткізуін осы құндылықтар негізінен іздейді. Жалпы адамның болмысы жақсылық пен жамандықтың жиынтығынан тұрады.

Зерттеудің мақсаты мен міндеті. Жалпы адамзаттық құндылықтардың өмірлік мәні мен мағынасы көне заманнан бүгінгі күнге дейін философтар мен психологтардың, педагогтер мен әлеуметтанушылардың зерттеулерінен орын алып, бүгінгі қоғамның ерекшеліктері мен сұраныстарына орай талданып, жүйеленіп келеді. Сократ, Конфуций, Әл-Фараби, Платон, Аристотель, Ж. Баласағұни, М.Х. Дулати, Л.Н. Толстой және т.б. секілді ғұламалар еңбектерімен қатар, қазақтың Асан Қайғысы, Шалкиіз жырауы, Шал ақыны, Доспамбеті, Бұқар жырауы сонымен қатар, Ш. Уәлиханов, Ы. Алтынсарин, А. Құнанбаев, Ж. Аймауытов, М. Жұмабаев, С.Торайғыров, М. Дулатов, Ш. Құдайбердиев және біз сөз еткелі отырған М. Көпейұлы т.б. ғұламаларымыздың шығармаларында сипатталған қазақтың бай мәдени мұрасы, ұлттық құндылығы және жоғары рухани идеялары уақыт мінезі мен сұранысын қанағаттандырып, ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келеді.

Аталған тұлғалар тұжырымындағы адами құндылықтар концепциясы - ұлттық мәдениет пен дәстүрді, ондағы ұлт құндылықтарын құрметтейтін болмыс, ұлттық мінез-құлық қалыптастырады. Қоғамдық сананың бағыты мен бағдары екені анық. Сондықтан да тұлғалар еңбектерінің мәні мен маңызын уақыт мінезі мен қоғам сұранысына сай жүйелеп, зерделеу, зерттеу, талдау, оны насихаттау - зерттеуіміздің басты мақсаты мен міндеті.

Мәселенің талқылануы. Аксиология – қандай болсын бір халықтың өзіндік мәдениеті мен тарихи келбеті бар рухани мұрат-мақсаттарының жиынтығы. Ұлттық құндылықтар - әрбір ұлттың ерекшелігін айқындайтын, өмірі мен тіршілігінен хабар беретін, болмысы мен бітімін қалыптастыратын үлкен категория. Ұлттық құндылықтар өмірді кезең кезеңдерге жалғап жататын, әрбір жаңа өскелең ұрпақ үшін үлкен мәнге ие бола отырып, ұлттық тұрғыдағы тәрбие үлгісі болып саналады. Өйткені ұлттық құндылықтарды тәрбиенің негізі, ғасырлар бойы қалыптасып келе жатқан рухани құндылықтар және аса биік парасаттылық пен моралдық тұрғысындағы өмір сабақтастығы жалғасып жататын, тұлғаның адамдық қасиетін, әдеби мен мәдениетін, тұлғалық ерекшелігін дамытып, әрі жан дүниесін нұрландыра түсетін, халықтың даналық, көрегендік өмір-салтынан туындап отыратын айнымас ережелер мен қағидалар құрайды.

Қазақтың дүниетанымы, көзқарасы, менталитеті, ақыл-ойы, тағылымдық ұлағаты мен өнегесі жылдар бойы үздіксіз қалыптасты. Осы ғасырлар бойғы қалыптасқан ұлттық тәрбиенің құнарын бір арнаға түсіріп тәрбие мәселесінде үздіксіз пайдалану - бүгінгі таңдағы ең басты қажеттіліктердің бірі де, бірегейі екені анық. Ұлттық болмыс пен сана-сы мен сезімі толық қалыптасып жетілген, ұлттық мүддеміздің мейлінше өркендеуі үшін барынша өз үлесін қосатын, ұлттық құндылықтарымызды және жалпыадамзаттық құндылықтарды бір-бірімен тиімді етіп ұштастыра білетін толық кемелденген, ұлтым дейтін, ұлтжанды жеке тұлғаны тәрбиелеу біздің ұлттық идеямыздың негізі екені белгілі.

Тәрбиелеу ісі – ортақ іс, тіпті мемлекеттік іс деуге негіз бар. Себебі, бүгінгі таңдағы дұрыс берілген тәрбие – келешектегі жақсы, дұрыс елдікті танытатын азаматтардың өсіп-өркендейтінін білдіреді. Қазіргі уақыт тұрғысынан бағдарласақ, егемен еліміздің тыныштығы мен береке-бірлігін сақтайтын жас ұрпақтың бойына ерте жастан ата-бабаларымыз негізін қалаған ерлік, өрлік рухты, ұлтжандылық, ұлтын сүйе білу сезімін сіңіре алу уақыт күттіріп отырмайтын маңызды мәселелердің бірі болып отырғаны анық. Ұлттық сезімді және ұлт-

тық намысты, ұлттық рухымызды көтеру – бүгінгі күннің кезек күттірмейтін үлкен міндеті. Барлық түркі әлемінің тарихи тұлғасына айналған біртуар азамат, ұлтымыздың көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері Мұстафа Шоқай: «Ұлттық құндылықтардан жұрдай рухта тәрбиеленген ұрпақтан халқымыздың қажеті мен мүддесін жоқтайтын пайдалы азамат шықпайды» - деп келтірген болатын [4].

Ш. Құдайбердіұлы «Үш анық», Д. Бабатайұлы «Тұнық тұма», Қ. Аманжолов «Нұрлы дүние», Ж.М. Саурықова «М.Ж. Көпеев дүниетанымы және тәлім-тәрбиелік мұралары», А. Қонарбаев «Қазақ зиялылары», Ш.А. Амонашвили «Ізгілік педагогикасы туралы ойлар», Г.Ж. Нұрышева «Адам өмірінің философиялық мәні» тағы басқа еңбектерде адами құндылықтар кеңінен қозғалады. Өйткені, жалпыадамзаттық құндылықтар адамның ақыл-ойы мен парасат пайымының тікелей көрсеткіші екені даусыз.

Талдау мен нәтижелері. Адамгершіліктің қайнар бұлағы - халықта, отбасында, ұлттық дәстүрде, ұлттық өнерде, әдет-ғұрыпта. Әр адам адами рухани-құндылықтарды өскен ортасынан, күнделікті тұрмыс-тіршілігінен, білім ордасынан бойына сіңіреді.

Кезінде Мәшһүр Жүсіп адам үшін төрт кедергіні атап өткен: Бірінші: адамның желкесінде тұрады. Аты – керітартпа. Адамның желкесін қырық адам ұстап отырады. Басты сылтауы «кейін жасарсың», «оны қайтесің»? Екінші: жалқаулық. Ол құйрықта. Тұрмау, жүрмеу. Үшінші: ұйқышылдық. Үнемі маңызды емес бір нәрсені ойлап, уайымдап жүреді. Белгі сөзі: «жасау керек еді». Төртінші: қорқақтық. Адам жаны өз жүрегінің қожайыны болу керек! Адам кейде тіршілік етіп жүргендей көрінуі мүмкін, бірақ ұйқыға кетіп қалғанын сезбейді, оны сезу үшін де адамға ішкі рух пен құндылық керегі ақиқат. Тағы бір тұсында ақын өзінің ойын мынадай философиялық ойымен тұжырымдайды. «Жан – бір асыранды құс, дене – бір қапас. Ол құсқа от, су бермесе, қапаста тұрып аштан өліп қалады, оған қорек беру керек. Хайуан тамақтан семіреді, адам құлақтан семіреді. Мұнан мағлұм болды: Жақсы сөзге жан семіреді екен. Жанның қорегі – құлақ сүйсінерлік сөз екен. Адам тіршілігінде, денсаулығында құлақ сүйсінерлік сөз естуге талап қылып тырысуы керек [5,23 бет].

Бұл тұста да ақын адамзаттың ішкі әлеміне зер салуын еске салады. Ағзаның қажеттілігін қанағаттандырып қана қою маңызды емес, жан мен көңілге нәр беру керек екенін, жан тіршілік иесі екенін, оған рухани азық керегін, рухани ол байымаса жанның өлетінін тұспалдап жеткізеді. Жақсы сөз бен жақсы іс кімнен шығады, жан әлемінде рухани азығы бар адамнан шығады.

Мәшһүр Жүсіп өз еңбектерінде адамның жақсы, аурусыз өмір сүруіне тағы да мынадай философиялық ойын айтады. «Адамның денесі екі нәрсенің күші мен саламат, аурусыз тұрады. Бұл екі нәрсенің бірі - қызыл қан, бірі - бұзылған қара қан. Таза қызыл қан екі дем алыстың бірімен даладан ішке қарай кіре береді. Жүрекке барып, жүректен әрмен күллі денені аралап қайтуында қара қан болып, тағы жүрекке келіп, дем алыс жолымен далаға шығып тұрады. Ішке қарай кірген дем алыс - қызыл қан, далаға шыққан дем алыс - қара қан. Сол үшін айтылады: «бір дем әрі, бір дем бері». Осы дем алыстың бірі тоқтаса, адам дереу өледі де қалады. Осы екі дем алысқа алты нәрсе керек екен. 1. Бұл екі дем алысқа жақсы ауа керек. Адам өзін таза ауада сақтауы керек. 2. Бұл екі дем алысқа күш беруге жақсы тамақ керек. Қазақ мақалында айтылады: «ауру-астан, дау-қарындастан» - деп. 3. Екі дем алысқа күш беруге харекет үскін: қазақшасы - жүру, тұру керек. 4. Екі дем алысқа ұйқы мен ояулықты қалыбынан асырмай орта ғадетпенен үйретуге керек. 5. Екі дем алысқа күш беруге шаттық керек. Адам өз көңілін өзі төмендетпей ұстау керек. Қазақта мақал бар: «ит өз құйрығын өзі алып жүрмесе, оны ешкім алып жүрмейді?»-деген. 6. Дем алысқа күш беруге: ашу, қорқу, өкініштен өзін аулақ ұстау керек» [5, 22 бет].

Бұл ойда да, ақын адамзаттың бар байлығы: оның денінің саулығы екенін еске сала отырып, өзін дұрыс күтуді, салауатты өмір салтын ұстануды, мәдениетке үйренуді, жан мен тәнді бағалауды, өмірі мен әрбір сағатты дұрыс пайдалана алуды насихаттайды. Ұлттық

құндылық жеке адамнан басталатынын тағы да осындай мысалдарымен дәлелдей отырып, «Адамда үш түрлі тамыр болады: қызыл тамыр, қара тамыр, ақ тамыр. Қызыл тамыр – таза қан жүрер жол, қара тамыр - бұзылған қара қан жүрер жол, ақ тамыр – адам денесінің телеграмм – телефонының шыбығы», - дейді [6, 323]. Бұл тұста да ақын екі қан түрінің жүрер жолын айта отырып, ақ тамырдың адам миына берер сигналын әсерлі тұспалдап жеткізеді. Осы ақ тамыр арқылы ғана денеміздегі жағдаятты алдын ала сезе бастайтынымызды айтады.

Ақын «Дене - бір қараңғы үй, жан - ол үйді жарық қылып тұрған нұр. Біреудің жаны сығырайып, зорға жанып тұрған шырағдан сықылды. Кейбіреудікі май шам сықылды, кейбіреудікі тас шам сықылды. Кейбіреудікі - керосин майының жарығы сықылды. Кейбіреудікі - одан да жарық: машинамен жағылатын электрі бар жарық сықылды. Онан да жарығы зор нұрлы жан болады. Есебі жан деген нәрседе ныһаят жоқ» [5,17 бет].

Адамның жанын нұрға теңейді, оның жарығы да әртүрлі, оның әртүрлі болуы әрбір адамның ішкі құндылығына, рухына, тазалығына байланысты екенін көркем тілмен жеткізеді. Тіл көңілдің тілмәші: көңіл не бұйрық түсірсе де, тілмен түсіреді деп тұжырымдайды. Ақын афоризмдерінде де «Нәпсіңнің семіруін іздеме, арық болуын ізде», - дейді [6, 323 бет].

Сонымен қатар, «Адам ойына келген сөздің арамын алып тастап, адалын сөйлеуге ұмтылуға тиіс. Сөйлеген сөздің қан-жыны аралас болса, тындаушының мейірі қанбайды. Егер қан-жынынан айырып, сүттей тазасын теріп сөйлесе, оған тындаушының да құлақ құрышы қанады», - дейді [6, 323 бет]. Бұл тұста да ақын әдепті сөйлеуге, сөзде энергетика барын, сөз күдіретті екенін меңзейді. Сөзбен ауру адамды орнынан тұрғызуға болатынын, сауды құлатуға болатын еске салады. Ал дұрыс сөйлей алу үшін де адамда ішкі рухани құндылық болуы міндетті.

Мәшһүр Жүсіптің қай шығармасын алып қарасаң да, ұлттық құндылыққа тап боласың, оның шығармаларын оқи отырып, ұлылардың өткені - бүгінгінің ұлттық құндылығы екеніне күмән келтіре алмайсың. «**Дауасыз дерт**» деген өлеңінде:

Ағайын барды күндеп көре алмайды,
Жоқ болса, жомарттық қып бере алмайды.
Кәнеки, бермегенің сол емес пе,
Білмеген-білген тілін неге алмайды? [7, 94-96 бет].

Жомарттық – адам бойындағы ең ізгі қасиеттердің бірі. Данышпан А. Құнанбаевтың 38-қара сөзінде осы жауанмәрттіліктің үш түрлі сипаты көрініс табады. Олар: шындық, ақ пейілділік, даналық. Шындықтан - әділеттілік, ақпейілділіктен - шапағат, даналықтан - ақиқат шығады. Кімде-кімнің бойынан осындай қасиеттер табылса, оның жасаған іс-әрекеті жомарттық болып табылады. А. Құнанбайұлы осындай адамдар қатарына әулие-әмбиелерді, пайғамбарларды, хакімдерді жатқызады. Барлық адам әулие, пайғамбар, хакім бола алмағанымен, жомарттық – осы жолға бастайтын қасиет-дейді. Автор осы шығармасында өмір итжығыспен өтетінін айта отырып, жомарттыққа, кешірімшілдікке, сабарлылыққа, шыншылдыққа, қанағатшылдыққа, татулыққа шақырады. «Ғылымың болса-дағы ұшан-теңіз, Пайда жоқ: өз халқыңа қызмет етпей!»,- деп ой түйеді. Бұл өлеңде де ұлттық құндылық тұнып тұр. **Өнерпаз**» деген өлеңінде:

Қылжақтап екі ауылдың арасында,
Не пайда жүргендеріңнен құр сорайып?!
Бас болып, өнер білсең, тіпті жақсы,
Тамаша болдың жігіт таңғажайып [7,97-98 бет].

Автордың бұл өлеңі Ш. Құдайбердіұлының «Талаптан да білім мен өнер үйрен, Білімсіз, өнерсіз болады ақыл тұл», -деген терең ойлы, көркем мұраларындағы өлеңімен мәнделес келеді. Білім, ғылым, өнер рухани құндылықтың бастау алар тамыры екенін насихаттайды.

Мәшһүр Жүсіп: «Тілалғыш, елгезек болып үйрен, кежірліктен құтыласың. Тіпті дәнеме қылмасаң да, жаяу аяңдап, олай-былай жүріп үйрен, жалқаулықтан құтыласың. Дүние ақиреттің бірі болмаса, бірінің уайымын ойлап: «қалай қыламын қайтіп есебін табамын?!» - деген ойға түс, ұйқышылдықтан құтыласың. Бұл үшеуінен құтылсаң, қолың әр нәрсеге жетеді. Бұл үшеуі: бірі - желкеңнен тартып, біреуі дүнбе құйрығыңнан жерге қарай жабыстырып, бірі шынтағыңнан қисайта құлатып жібермей, табандап жатқан соң, қолың қайда жетсін?! өзіңнен-өзің кейін қарай кетіп қор боласың», - дейді. [5, 418 бет].

Қорытынды. Ақын тағы да өз еңбектерінде адам санасының ояу болуына, өзін-өзі дамытуға, білім алуға, еңбек етуге насихаттайды. Еңбек бар жерде ғана адам өзінің болмысын жасайтынын ескертеді. Еңбекке үйренген адам ғана рухани өседі, ал еңбексіз рухани дамимын деу жалған екенін әрбір шығармасы арқылы дәлелдейді. Адамның арманы қиялында, сүйіспеншілігі жүрегінде, ұяты бетінде, ары мен намысы жанында өмір сүреді.

Қандай уақыт, қандай кезең болмасын, ұлттық құндылықтарымыз сақталмай, келешектің жарқын болуы күмәнді. Біз алдағы уақытта ұрпақтарымыздың білімді, саналы, ізетті, жаһандық білім беру кеңістігінде еркін самғай алатын, елі мен жерінің қадір қасиетін ұғатын, мәдениеті мен әдебиетін, тарихы мен ұлттық құндылықтарын бойына сіңірген, ойы азат, мақсаты айқын, ел игілігі үшін еңбек ететін ұлтжанды, денсаулығы мығым, ата дәстүрді сақтайтын, рухани бай ұрпақты көргіміз келеді. Сондай ізгілік жолындағы ізденісіміз барысында басты арналы бағыттарымыздың бірі -Мәшһүр Жүсіп мұралары екені анық.

